

# Қаржылық салымдардың салыстырмалы экономикалық тиімділігі

Орындаған: Мадинаев Ердос

- *Салыстырмалы экономикалық тиімділік не үшін қажет?* Салыстырмалы экономикалық тиімділік анықтамасы шаруашылық және техникалық шешімдер нұсқасын салыстыруға, кәсіпорындар мен олардың кешендерінің сиымдылық нұсқаларын таңдау кезінде, өндірістегі әртүрлі өнімдерді салыстырмалы бағалау кезінде, техниканың жаңа түрлерін таңдауда, әрекет етуші кәсіпорындарды бұрынғы қалпына келтіру және жаңа құрылыстар нұсқасын таңдауда қажет. Салыстырмалы экономикалық тиімділік анықтамасының негізгі тәсілдері:
  - а) нұсқалардың жұп жұбымен салыстырылуы;
  - б) салыстырылатын нұсқалардың келтірілген шығын мөлшері анықтамасы;

- Нұсқалардың жұп жұбымен салыстырылуы салыстырмалы экономикалық тиімділіктің коэффициентін және қосымша қаржының салыстырмалы өтімділік мерзімдерін көбейту жолымен келесі формулада анықталады:

$$E_{\text{КДК}} = C2 - C1 / K1 - K2 = 2.5 - 2 / 8 - 6 = 0.5 / 2 = 0.25$$

$$T_{\text{ОДК}} = K1 - K2 / C2 - C1 = 8 - 6 / 2.5 - 2 = 2 / 0.5 = 4$$

мұндағы  $E_{\text{КДК}}$  - қаржы салымының салыстырмалы экономикалық тиімділік коэффициенті;

$T_{\text{ОДК}}$  - қосымша қаржы салымының өтімділік мерзімі;  
 $K1$  және  $K2$  - салыстырмалы нұсқа бойынша қаржылық салым (мысалы,  $K1$  8 млн-ге ал  $K2$  6 млн теңгеге тең деп қабылданған);

$C1$  және  $C2$  – жылдық өнімнің және жылдық шығымдырдың өзіндік құны (есептеулерге 2 млн және 2.5 млн теңге деп қабылданған)

Варианттар бойынша қаржы жұмсау:

$K_1 = 1000$  мың теңгеге және  $K_2 = 800$  мың теңге,

ал осы құрылымдарды пайдалану үшін

жылдық ұстанымдар немесе судың өзіндік

құны  $C_1 = 40$  мың теңге,  $C_2 = 48$  мың теңге.

Қосымша жұмсаған қаржының ақталу уақыты

(бірінші нұсқа бойынша) су өзі ағып

суармалау кезінде:

$$T_{\text{одк}} = K_1 - K_2 / C_1 - C_2 = K_{\text{самот}} - K_{\text{мех}} / C_{\text{мех}} -$$
$$C_{\text{самот}} = 1000 - 800 / 48 - 40 = 200 / 8 = 25 \text{ ЖЫЛ}$$

Бірінші вариант, суарылатын жерге суды өзі ағып жеткізу өзіндік құнның кішкене үнемдеуі болады, (сегіз мың теңге жылына). Бірақ, қосымша қаржы жасаудың қайта ақтау уақыты өте ұзақ, жиырма бес жыл. Сондықтан, екі вариант ішінен екінші вариант, суды механикалық көтеріп жеткізу қабылданады. орындалу коэффициенті 0.04 (8: 200). Бірдей мәселені шешетін екі нұсқаның ішінен жылдық ұстанымдар мен қаржы жұмсау аз болғанын таңдағанда қаржының ақталу уақыты мен салыстырмалы орындалу коэффициентін есетемейді, өйткені сол сөзсіз тиімді. Егер екеу емес үш вариантты салыстыру керек болса, жұптап салыстырып, екі нұсқасын қолданады, одан кейін жоғарғыдай біреуін таңдап алады. Жұптап салыстыру кезінде маңыздысы қосымша жұмсаған қаржылардың ақталуы, ал орындалу коэффициенттері нормативтен кеш болмау керек. Қосымша жұмсаған қаржының уақыты норматив бойынша сегіз жыл ( $T_h = 8$  жыл) және сәйкесінше салыстырмалы орындалу коэффициенті 0.12 ( $E_h = 0.12$ ) нұсқаларды салыстырғанда жұмсаған қаржының ақталу уақыты сегіз жылдан аспаған вариант таңдалынады. Және салыстыру коэффициенті 0.12 ден кем болмауы керек.

Жұптап салыстыра келе, ең тиімді нұсқасы таңдалынады. Бірақ салыстырмалы коэффициент бойынша нұсқа қандай орында тұрғанын анықтай алмаймыз. Ол мәселе нұсқалардың шығындарын салыстыру кезінде шешіледі. келтірілген шығындар бір жылғы немесе нормативтік уақытқа келтірілген шығын суммасы мен жұмсалған қаржы көлемімен анықталады.  $E_{ц}$  тиімді болып келтірілген шығыны аз нұсқа қабылданады.

Келтірілген шығындар келесі формуламен анықталады:

$$C_1 + E_n * K_1 = \text{минимум, екіншіде}$$

$$K_i + T_n * C_1 = \text{минимум}$$

$K_1$  - әр вариант бойынша қаржы енгізулері;

$C_1$  - сол варианттар бойынша шығындар;

$E_n$  - салыстырмалы экономикалық орындалу нормативтік коэффициенті;

$T_n$  - қосымша жұмсаған қаржылардың нормативтік ақталу уақыты;

$K_i$  ( $K_1 ; K_2 ; K_3 ; K_4$ ) өлшемдері әрбір варианттың жұмсаған қаржы суммалары ретінде, ал  $C_i$  ( $C_1 ; C_2 ; C_3 ; C_4$ ) толық жылдық өзіндік құны ретінде белгілеуге болады.

Жұмсалған қаржының экономикалық тиімділігін нақты анықтау үшін салыстырылатын варианттар бойынша шығынменалынатын қорытынды әсерді де салыстыру керек:

- Өнеркәсіп саласы мен мекемелер арасынан;
- Шығын уақыты мен әсер алудан;
- Шығын мен алынатын әсер бағалауынан;
- Жұмсалатын қаржы құрамына кіретін шығынға;

Ең соңында, жұмсалатын қаржының салыстырмалы нұсқалары барлық көрсеткіштер бойынша көрсетілуі керек (көлемі, өнімі, оның құрамы, сапасы, шығару мерзімі) тиімділіктен басқасы анықталынады. Шығын мен алынатын әсердің арасындағы уақыт түрлілігін жою үшін келтіру коэффициенті арқылы (В) бұрынғы жылдардағы шығынды қолдану ұсынылады.

$$B = t/1 + E_{\text{нп}}$$

В- келтіру коэффициенті;

t-келтіру уақыт периоды, жылдармен;

$E_{\text{нп}}$  - шығынның уақыт түрлілігін келтіру нормативі;

«Типтік әдісте» В норматив бойынша 0.08 ге тең.

## **Бақылау сұрақтары:**

1. Салыстырмалы экономикалық тиімділік анықтамасы не үшін қажет?
2. Салыстырмалы экономикалық тиімділік анықтамасының негізгі тәсілдері;
3. Салыстырмалы экономикалық тиімділік вариантының жұптық салыстырылуы.
4. Келтірілген шығындар бойынша нұсқаларды салыстыру.
5. Әрекеттегі өндірістерді қалпына келтірудегі қаржылық салымның экономикалық тиімділігі.
6. Салыстырылатын нұсқалар бойынша алынатын әсер мен шығындардың арақатынасы.
7. Шығын мен алынатын әсердің арасындағы уақыт түрлілігін жою.